

Ацетиленнің өнеркәсіпте қолданылуы

Ертеде ацетилен, негізінен, автогенді пісіруде қолданылса, қазіргі уақытта оның 50%-ы химиялық өнімдер өндірісінде шикізат ретінде қолданылады.

Ацетиленнен өндірілетін негізгі өнімдер мономерлер (хлорлы винил, винилацетат, акрилонитрил, винилацетилен, винил эфирлері) – пластмассаларды, жасанды талшықтарды және каучуктерді өндірудің шикізаттары; көптеген құрамында оттегі бар өнімдерді (спирттерді, күрделі эфирлерді, қышқылдарды, кетондарды) алуға қолданылатын ацетальдегид; еріткіш ретінде қолданылатын хлортуындылар (хлорэтилен).